

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 32-35

СИЫР ЖАСЫНЫҢ БУАЗДЫҚ ПЕН БЕДЕУЛІКТІ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

*Құрманғалиев Е.Е., 1 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр –
Сұлтан қ*

Мал шаруашылығының мамандандырылған салаларында одан әрі пайдалануға жарамды жақсы жетілген төлдерді алу және өсіру мал шаруашылығының маңызды міндеті болып табылады. Жақсы жетілген, қабілетті төл алу үшін жануарлардың буаздығы мен бедеулігін уақытылы анықтау шаралары жүзеге асырылуы тиіс.

Ірі қара малдағы буаздықты тексеруге келетін болсақ, маңызды және күрделі міндет-мүмкіндігінше ертерек сенімді диагнозды қамтамасыз ету. Дұрыс емес диагностика үлкен экономикалық шығындарға және қаржылық қажеттіліктерге әкелуі мүмкін. Буаздықты диагностикалаудың барлық әдістері, мысалы, трансректальды пальпация немесе ультрадыбыстық, сондай-ақ буаздықтың зертханалық зерттеулерінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Айта кету керек, "буаз" және "буаз емес" деген сенімді диагноз жасанды ұрықтандырудан кейінгі ерте кезеңдерде (28-30 күн) көбінесе мүмкін емес. Мұндай жағдайларда қайта тексеру арқылы нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар [1].

Көптеген жаңа диагностикалық сынақтарға қарамастан, буаздықты диагностикалауда тік ішектің пальпациясы және ультрадыбыстық әдістерге басымдылық беріледі . Тік ішекті ректалды зерттеумен салыстырғанда ерте ультрадыбыстық диагностикасы буаздықтың ертерек диагнозын қоюға немесе ұрықтың өміршеңдігін растауға және өсуін бағалауға мүмкіндік береді [2].

Буаздық пен бедеулікке диагностикалық зерттеулер кезінде жануарлардың жасына байланысты организмінде болатын өзгерістерге сәйкес әр – түрлі қиындықтар туындауы мүмкін. Жануарлар организмнің жасқа байланысты өзгергіштігі мал шаруашылығындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады [3]. Буаздық кезеңіндегі жануар жасының маңызы жануар ағзасының сыртқы факторларға, ауруға деген төзімділігімен ерекшеленеді, яғни бұл көрсеткіш жатырдағы төл сапасы мен жетілуіне өз әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда буаздық кезеңінде жануар жасының тигізетін әсері, буаздыққа ең қолайлы жасы, буаздықтың өтуі, жануар жасының одан алынған төлге әсері жайлы мәліметтер өте аз. Әр түрлі жастағы жануарлардың ағзасындағы өзгерістеріне орай буаздыққа және бедеулікті диагностикалау жұмыстарының ерекшелігіне назар аудару қажет.

Жұмыстың мақсаты: Буаздылық пен бедеулікті диагностикалау әдістерінің тиімділігіне сиыр жасының әсерін анықтау.

Жұмысты орындау барысында тәжірибелер ШҚО, Аягөз ауданы Тарбағатай ауылы «Дархан - А» ШҚ; Ақмола облысы, Целиноград ауданы, АФ «Родина» ЖШС-де және С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ жүргізілді.

Зерттеу материалдары: акушерлік құрал жабдықтар, УДЗ – сканері, жануарларды тіркеу журналы, ІҚМ, жануарларды бекіту орындары, бір реттік қолданылатын резеңке қолғап, халат, резеңке етік, вазелин т.б

Жұмыстың бастапқы материалы әр түрлі жастағы сиырлар, 2020-2021 жылдардағы малдың ұдайы өсіп - өну журналы, сондай-ақ зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелері болды.

«Дархан - А» ШҚ және АФ «Родина» ЖШС-нің сиырларының ұдайы өсіп – өну қызметінің жай-күйі келесідей жұмыстарды атқару арқылы зерттелінді : сервис кезеңі, бедеулік күндерінің саны , төлдеуден кейінгі кезең, сиырларда акушерлік аурудың таралуы, буаздығы және бедеулігі.

«Дархан - А» шаруа қожалығы негізінен етті бағыттағы ақбас тұқымды сиырларды көбейтумен айналысады. Жалпы табынға 2 ақбас тұқымды бұқа бекітілген. 2 жастан асқан сиырлар саны 95, орташа жас шамасы 2 – 8 жас аралығында. Осы шаруа қожалығындағы ұдайы өсіп – өну қызметін зерттеуде буаз мал саны 37 сиыр (38.9%), төлдеуден кейінгі кезең 16 сиыр(16,8%), бедеу 42 сиыр(44.2%) анықталды.


АФ «Родина» ЖШС №2 мал шаруашылығы кешенінде жұмыс атқарылды. №2 кешенде орналасқан 2 топтан құралған гольштино-фриз тұқымды сиырларына зерттеу жұмысы жүргізілді. №1 топта n=112 сиыр және №2 топта n=106 сиыр тіркелген. Топта 2,1 жастан 10,7 жасқа дейінгі сиырлар тіркелді. Жалпы 218 сиыр ішінен 84 сиыр (38,5%) мал буаз, 26 сиыр(11,9%) төлдеуден кейінгі кезеңде, 108 (49,5) мал бедеу екендігі анықталды (кесте 1).

1 кесте - Сиырлардың ұдайы өсіп өну қызметі

Мал тұқымы	Мал саны	Орташа жасы	Буаз		Төлдеуден кейінгі кезең		Бедеу	
			n	%	n	%	n	%
Гольштино – фриз	218	3,6 ±8	84	38.5	26	11.9	108	49.5

Қазақы	ақ	9	3,4	3	3	1	16.	4	4
бас		5	±5	7	8.9	6	8	2	4.2


Шаруашылықтағы сиырлардың буаздығы мен бедеулігін диагностикалау мақсатында клиникалық және биофизикалық зерттеу әдістері қолданылды. АФ «Родина» ЖШС-де зерттеуге алынған 218 сиырлардан төлдеуден кейінгі кезеңдегі сиырлар бөлініп алынып, қалған 192 голыштино – фриз тұқымды сиырларға диагностика зерттеулер жүргізілді (сурет 1).



Сурет 1. Родина АФ сиырларының буаздыққа диагностикалау нәтижелері

Әр түрлі диагностикалық зерттеу әдістерін жүргізу нәтижесінде сыртқы зерттеулер бойынша 192 сиырдың 16,2% немесе 32 сиыр буаз және 160 сиыр (83,3%) бедеу, тік ішек арқылы зерттеу бойынша 84 сиыр (43,8%) буаз және 108 сиыр (56,2%) бедеу, ультрадыбыстық зерттеу бойынша 65 сиыр (33,8%) буаз және 127 сиыр (66,1%) бедеу екендігі анықталды.

«Дархан - А» шаруа қожалағындағы 1,8 жастан асқан және төлдеуден кейінгі кезеңнен өткен 79 сиырды сыртқы зерттеу және тік ішек арқылы зерттеу әдістерімен буаздылыққа және бедеулікке диагностикалық анықтау жұмыстары жүргізілді (сурет 2).



Сурет 2. «Дархан-А» ШК сиырларының буаздылыққа диагностикалау нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде «Дархан - А» шаруа қожалағындағы сиырлары сыртқы зерттеу бойынша 79 сиырдан 16 сиыр (20,2%) және 63 сиыр (79,7%) бедеу, тік ішек арқылы зерттеу барысында 37 сиыр (38,9%) буаз және 42 сиыр (44,2%) бедеу екендігі анықталды .

АФ «Родина» ЖШС-де №1 және №2 топтағы әр түрлі жастағы сауын сиырларының буаздылығы мен бедеулігін анықтау мақсатында 192 голыштино – фриз тұқымды сиырлар зерттелінді. Оларды зерттеу мақсатына байланысты құлаққа ілетін аспалы сырғасындағы жеке номерін арқылы Селекс программасы көмегімен әр сиырдың жасы анықталып 3 топқа бөлінді. I топта - 1,8 және 3 аралығындағы сиырлар саны n=112 , II топта - 3 пен 5 жас аралығында n=60 сиыр, II топта - 5 жастан жоғары сиырлар саны n=20 болып бөлінді. Диагностикалық зерттеу үшін тік арқылы зерттеу әдісі және ультрадыбыстық зерттеу әдісі қолданылды (кесте 2)

2 кесте - сиыр жасына байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалау әдістерінің нәтижелері

Малдың жасы	Мал саны	Зерттеу нәтижелері	Тік ішек арқылы зерттеу		УДЗ	
			n	%	n	%
1,8 – 3	112	буаз	43	38,3	37	33
		бедеу	69	61,6	75	66,9
3 – 5	60	буаз	33	55	24	40
		бедеу	27	45	36	60
5	20	буаз	8	40	4	20

тен жоғары		бедеу	12	60	16	80
------------	--	-------	----	----	----	----

Жасына байланысты топтарды диагностикалық зерттеу барысында I топта тік ішек арқылы зерттеу жүргізгенде 43 сиыр(38,3%) буаз, 69 сиыр бедеулігі; УД зерттеу жүргізгенде 37 сиыр(33%) буаз, 75 сиыр(66,9%) бедеу екендігі анықталды. II топта 60 сиырдың тік ішек арқылы зерттеуде 33 сиыр(55%) буаз 27 сиыр(45%) бедеулігі; УДЗ арқылы 24 сиыр(40%) буаз, 36 сиыр (60%) бедеу деген нәтижеге қол жеткіздік. 5 жастан жоғары жастағы сиырларда тік ішек арқылы зерттегенде 8 сиыр(40%) буаз, 12 сиыр (60%) бедеу; УДЗ арқылы 40 сиыр(20%) буаз және 16 сиыр(80%) бедеу екендігі анықталды,

Қорытынды. Сиыр жасының буаздық пен бедеулікті диагностикалық зерттеуге әсерінің негізі жануар ағзасындағы орын алынатын жыныс мүшелерінің жасына байланысты өзгерістеріне тікелей байланысты. Жұмыстың нәтижелеріне қарағанда сиырлардың жасы үлкейген сайын буаздылықты анықтаудағы қателіктер артады, егерде сиырдың 1,8 – 3 жасында диагностикалауда қателік 5,3% көрсетсе, 3 - 5 және 5 тен жоғары жаста 15-20% жоғары болды. Буаздылықтың алғашқы айларынды және алтыншы айында қателер жиі кездеседі

Әдебиеттер тізімі

- 1 Racewicz P., Jaskowski J.M., Contemporary methods of early pregnancy diagnosis in cows., 2013, Medycyna Weterynaryjna-Veterinary Medicine-Science and Practice №11, P. 655-661 .
- 2 Piechotta M., Herzog K., Kaske M., et al., Cow pregnancy testing: options, problems and perspectives, 2011, Praktische tierarzt, №7, p.602.
- 3 Хасанович Т.И., Влияние возраста коров на течение беременности, морфофункциональные, продуктивные показатели и репродуктивный потенциал их потомства : Дис. ...д-ра с.-х. наук : 06.02.01 : Нальчик, 2004. 307 б.